

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 3 (970) 12 қаңтар 2024 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru

## «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»



Қаржы министрлігі 2024 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Ұлттық қордың түсімдері және оны пайдалану туралы есепті жариялады. 2023 жылы қорға 6,41 трлн теңге түскен, оның 4,56 триллионы – мұнай секторынан тікелей түскен табыс. 1,82 трлн теңге – инвестициялық кіріс. 4,07 трлн теңге трансферт есебінде пайдаланылған.

Экономист Ғалымжан Айтқазиннің айтуынша, бұл ретте Қаржы министрлігі 2023 жылдың соңғы үш айында «ҚазМұнайГаз» акцияларын сатып алу үшін Ұлттық қордан аударылған 1,3 трлн теңге туралы лә-мим демейді.

«Бұл маңызды, өйткені қаражат экономикаға бағытталды, нақтылағанда бюджетке осы акциялардың бұрынғы иесі «Самұрық-Қазынаның» дивидендтері арқылы түсті. ҚМГ ұлттық компаниясы KASE биржасына 2023 жылғы 22 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» қорының Қаржы министрлігінің пайдасына 23 466 133 акцияларын берген мүдделі тараппен мәміле жасалғаны туралы хабарлады. Мәміленің жалпы сомасы – 249,9 млрд теңге, ал бір акцияның бағасы 10 653,65 болды. ҚМГ акциялары бойынша жабылу бағасы 22 желтоқсанда KASE биржасында 11 540-ты құрағанын ескерсек, нарықтық бағаға дисконт 7,7 пайызды құрады деп айтуға болады. Осылайша, «Самұрық-Қазына» АҚ қорының ҚМГ акцияларын иеленуінің жаңа үлесі 71,27 пайыздан 67,42 пайызға дейін төмендеді. Тиісінше, Қаржы министрлігінің жаңа үлесі 20 пайызға дейін өсті», дейді сарапшы.

Айтуынша, «Самұрық-Қазына» қорының Ұлттық қордағы ҚМГ акцияларын Қаржы министрлігіне сатуы арқылы мемлекеттік бюджетке ақша түсіруі – осы тұтас схемадағы атап өтуге болатын жалғыз оң нәрсе. Енді 20 пайыз көлеміндегі акцияларға иелік ету Қаржы министрлігіне дивидендтерді тікелей алу құқығын береді.

«Алайда тұтастай алғанда, бұл схематоз компания акционерлеріне қатысты өрескел бұзушылық болып саналады, өйткені қор акцияларды нарықтық емес және дисконттық бағамен сатады.

Бұған қоса, осы схема барысында бюджет тапшылығын жабу үшін болашақ ұрпақтың ақшасы Ұлттық қордан алынады. Ал Ұлттық Банк биржада шетелдік валютаны сатып, ұлттық валютаны жасанды түрде нығайта түседі», дейді Tengepatika телеграм арнасының авторы.

Шын мәнінде, 2023 жылы пайдаланылған Ұлттық қор ақшасының жалпы көлемі – 5,3 трлн теңге. Бұл Ұлттық қорға мұнай секторынан түскен 4,5 трлн теңге мөлшеріндегі тікелей түсімнен едәуір көп (инвестициялық табысты есепке алмағанда). Бұл ретте жақсы деңгейде қалыптасып отырған инвестициялық табыс үшін қуануға болады дейді сарапшылар. Өйткені биылдан бастап инвестициялық табыстың 50 пайызы 18 жасқа дейінгі балалар үшін жиналады.

Мұнай-газ саласының сарапшысы Нұрлан Жұмағұловтың есептеуінше, «Ұлттық қор – балаларға» жобасының игілігін ел бойынша 18-ге толмаған 6,5 млн бала көреді және олардың шотына биылдың өзінде 300 доллардай қаражат түседі (әрқайсысына).

«Биыл Ұлттық қор түсімі рекордтық деңгейде болды: 6,4 трлн теңге. Бұған үш тоқсанның қорытындысы бойынша 1,8 трлн теңге көлемінде түскен инвестициялық табыс себеп. Әлі төртінші тоқсанның да нәтижесі шығады. Егер инвестициялық кірістілік өзгермесе, онда 18 жасқа дейінгі 6,5 млн бала осы жылы өз шоттарына 300 доллар алады. 2024 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Ұлттық қор активі 29,1 трлн теңгені немесе 63,3 млрд долларды құрады», дейді сарапшылар.

## ТУҒАН ЕЛІН ҚОРҒАУ – ӘР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ МІНДЕТІ

1992 жылдың 10 қаңтары – Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан әскерлерінің құрылған күні. Тәуелсіздік алған сәттен бастап қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық, өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғау функциялары Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына жүктелген. Содан бері қоғамдық қауіпсіздік жүйесінде маңызды әскери құрылымдардың біріне айналып, өз міндеттерін қалтқысыз атқарып келеді.

Еліміз өз тәуелсіздігін жариялағаннан бергі кезең ішінде дамудың жарқын жолдарынан өтті. Ата Заңымыз қабылданып, ұлттық теңеміз енгізілді. Тәуелсіздіктің қорғаны – Қарулы Күштер құрылып, барлық көршілерімізбен мемлекеттік шекарамыз берік шегенделді. Соған орай, құқықтық тәртіп әскерлері алдындағы талаптар да күшейіп, құрылымдық өзгерістер орын алды. Қатерлердің жаңа түрлерін еңсеру, алдын алу, болдырмау жауапкершілігі артып, ұлтаралық татулыққа негізделген сарабдал саясатты жүзеге асыру, еліміздегі тыныштықты, бейбітшілік пен келісімді қорғау басты талап саналды. Арнайы мақсаттағы бөлімшелер республиканың барлық өңірлеріндегі төтенше жағдайлардың салдарын жоюға белсене қатысып, жауынгерлік қызметтерін абыроймен өткеруге әрқаз тас-түйін әзір. Ата-бабамыз құлан жортса, тұяғы тозатын, қыран ұшса, қанаты талатын ұлан-ғайыр қазақ даласын ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғай отырып, кейінгі ұрпаққа аманат ретінде қалдырды. Сондықтан тәуелсіздігіміздің маңыздылығын жас ұрпаққа түсіндіріп, оны көздің қарашығындай қорғауға міндеттіміз. Еліміз егемендігін алған уақытта құрылған әскеріміз тәуелсіздік жылдары ішінде мемлекетімізбен бірге есейіп, өздеріне жүктелген зор сенімге қылау түсірген емес. Ұлттық ұланның тарихы еліміздің тарихымен тығыз байланысты және елдің берік қорғаны болу жолындағы даңқты дәстүрлерін жалғастыру парыз екенін терең ұғынған Петропавл қаласында орналасқан Ұлттық ұлан академиясы 1997 жылы 18 наурызда офицерлер даярлайтын оқу орны ретінде бой көтеріп, Жауынгерлік Ту салтанатты түрде табыс етілді. Сол кезден бастап Ішкі әскердің жеке құрамы алға қойылған тапсырмаларды лайықты түрде орындап, жеке адам мен азаматтың конституциялық құқығын, қауіпсіздігін, қоғам құндылықтарын, мемлекет тұрақтылығы мен тыныштығын қауіп-қатерлерден жан-жақты қорғау жолындағы жауапты қызметін тек қана заң аясында іске асырып келеді. 2009 жылы әскери институт, 2022 жылы академия мәртебесі беріліп, еліміздің еңселі жоғары оқу орнына айналды. Тек былтырдың өзінде ғана оның қабырғасынан екі жүзден астам офицер қанат қағып, түлектердің 21-ші легін шығарып салды. Олардың қатарында Қырғыз Республикасынан – жеті, Тәжікстан Республикасынан сегіз әскери қызметші бітіріп шықты. Шетелдердегі әскери білім ордаларын тамамдаған түлектерімізді қоса есептегенде, 205 офицер еліміздің және көршілес мемлекеттердің әскери бөлімдеріне қызмет етуге жіберілді. Олардың 10-ы оқуды үздік тамамдаса, төрт түлекке «Әскери жоғары оқу орнын үздік аяқтағаны үшін» төсбелгісі табысталды. Академияның 26 жылдық тарихында 4 мыңға жуық офицер әзірленіп, Ұлттық ұланның, ҰҚК Шекара қызметінің, Қорғаныс министрлігінің, Мемлекеттік күзет қызметінің, басқа да әскери құрылымдар мен бөлімшелерде білікті кадрлар құрамының қатарын толықтырды. Академияда сапалы білім алуға барлық қажетті жағдайлар жасалған. Курсанттар талапқа сай жабдықталған әскери казармаларға орналастырылған. Кітапханалар, спорт залы, стадион, ату тирі, клуб, кітапхана, далалық оқу орталығы жұмыс істейді. Оқу ғимараттары дәрісханалармен, зертханалармен жабдықталған. Оқу сыныптары компьютерге қосылған. Курсанттар өз қалаулары бойынша жеті мамандықтың біріне маманданып, лейтенант шенін алып шығады. Бүгінде 800-дей ұланға әскери білім беріп, кәсіби қабілетін үздіксіз шыңдаумен 9 кафедра, бір біліктілікті арттыру факультеті айналысады. Әскери істің жетістігі тек диплом алудан шектелмейтінін түсіне отырып, әскери-патриоттық жұмыстарға да баса назар аударылады. Жастарымыздың бойында отансүйгіштік сезімді берік қалыптастыру мақсатымен тәрбие сағаттары, тақырыптық кештер, өзге де шаралар жүйелі түрде

өткізіледі. Ұлттық ұлан тарихында Отанымыздың қауіпсіздігін жанқиярлықпен қорғаған әскери қызметшілердің ерлігі, батырлығы және адалдығы туралы мысалдар көп. Кез келген сайысқа арқау етілетін «Ұлттық ұлан – біртұтас жауынгерлік отбасы, біз үшін – халық, біз үшін ел!» ұранында мемлекеттің қауіпсіздік жүйесіндегі әскерлердің мақсатына сай келетін ұлттық рухы айқын сезіледі. Ұлттық ұлан жауынгерлері алға қойған міндеттеріне орай кез келген сәтте өз өмірлерін аямай, азаматтар мен қоғам үшін жоғары қырағылық пен табандылық қасиетінен айнымайды. Бұған мысал ретінде өткен жылғы қаңтар оқиғалары куә. Ұлттық ұланның әскери қызметшілері өздерінің мерейтойларын концерттік және акт залдарының салтанатты жағдайында емес, көшелер мен алаңдарда қарсы алып, тұрғындардың тыныштығын қорғады. Тәуелсіздігімізге төнген зор қауіпке тойтарыс берді. Ел басына төнген ауыр нәубат кезінде батырлық пен жанқиярлықтың үлгісін танытып, Қазақстан халқына, әскери антақа адалдықтарын айғақтады. Өкінішке қарай, жаппай тәртіпсіздіктер кезінде Ұлттық ұланның екі сарбазы ерлікпен қаза тапты. Қатардағы жауынгерлер Мадияр Қайсаров пен Айбат Амановтың есімдері Ұлттық ұланның шежіресіне мәңгі енді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұдайы қамқорлығы арқасында Ұлттық ұланның кадрлық және техникалық әлеуеті, мүмкіндіктері артты. Заңмен жүктелген міндеттерді іске асыруда, жоғары білікті офицер кадрларын даярлауда Ұлттық ұлан академиясы да ерекше көзге түседі. Академия басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы, оқу бөлімшелерінің командирлері Отанымыздың қорғаушыларын әзірлеу борышын лайықты орындап келеді. Біздің әскери қызметшілер алдағы уақытта да әскери әзірліктерін және кәсіби шеберліктерін арттыратынына сенімдімін. Құқықтық тәртіп әскери үшін өткен жылдар үздіксіз оқу, кадрлық жаңарулар, жауынгерлік дайындықты қазіргі жағдайға бейімдеу кезеңі болды. Бас Қолбасшының тапсырмасы бойынша ірі құрылымдық қайта құрулар жүргізілді. Өлемдегі қазіргі ахуалға және Қазақстан Республикасының Әскери доктринасына байланысты жаңа талаптар жүктелді. Жоғары білімді офицерлер, білікті де білімді мамандар қатарымызда абыройлы қызмет атқарып, еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бір кісідей атсалысып келеді. Академияға келешектегі тағдырларын әскери өмірмен тығыз байланыстырғысы келетін жастар қабылданады. Ұлттық ұланның әскери қызметшілері – алдарына қойылған қызметтік-жауынгерлік міндеттерді толық және сапалы орындай отырып, еліміздің ішкі қауіпсіздігіне төнген қауіп-қатерге қарсы әрекет ете алатын, күнделікті және барлық өңірде жағдай күрделенген кезде құқық қорғау және лаңкестікке қарсы бағыттағы міндеттерді шеше алатын үлкен күш, ел қорғаны, қалқына. Аға ұрпақтың ерлігі ешқашан ұмытылмайды, жылдар өткен сайын айбындана түседі. Олардың жауынгерлік дәстүрлері – бүгінгі буынға үлгі-өнеге. Мұның барлығы Отанды шексіз сүюдің, терең патриоттық сезімнің жарқын көрінісі болып табылады. Осы орайда Бауыржан Момышұлының: «Ерлік дегеніміз – табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзінің ар-намысын және адамзаттың қасиетті абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен масқара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін – азаматтық парызын орындау үшін осындай адамгершілік теңдікті өзіңмен сайысқа түсе отырып, тұтас ұжым өмірінің игілігіне ғана емес, оның қауіп-қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға – жанмен, қанға – қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тигу», – деген аталы сөзі еске түседі. Отанды сүю отбасынан басталады. Өз отбасын сыйлап құрметтеген адам халқының да қадіріне жетеді. Халқын қадірлеген жан сын сағаттан сүрінбей өтеді. «Ер бір өледі, ез мың өледі», – деп бабаларымыз текке айтпаған. Патриотизмнің қайнар бастауы – тәлім-тәрбиеден. Қазіргі таңда Ұлттық ұлан академиясы өз Отанының нағыз патриоттарын тәрбиелейтін, қызмет ететін беделді әскери құрылым саналады. Туған елімізді көздің қарашығындай қорғап, оны шексіз сүю – әр қазақстандықтың міндеті және перзенттік борышы.

Артур ТОҚЫШЕВ,  
Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан  
академиясының бастығы.

## КӨПТЕН КҮТКЕН ҚУАНЫШТЫ КҮН

Тайынша ауданының орталығында құрылысы 2021 жылы басталған жаңа хоккей корты пайдалануға берілді. Бұл мақсатқа облыстық қазынадан 186 млн. теңге жұмсалды. Нысанның салтанатты ашылуына аудан басшылығы, тұрғындар мен спортшылар қатысты.

“Тайынша ауданындағы спорт сүйер қауым үшін жабық мұз айдынының ашылуы – көптен күткен оқиға. Енді балалар осындай тамаша спорт нысанында коньки теуіп, хоккей ойнауға мүмкіндік алды. Жаңа мұз айдыны жергілікті жастардың сүйікті орнына айналатынына сенімдімін. Өйткені спортқа деген қызығушылық бала кезден басталады. Ауданымызда балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, қосымша білім беру, дене шынықтыру-сауықтыру орталықтары, түрлі спорт түрлеріне арналған алаңдар бар. Оларда 2 мыңнан астам бала жаттығады. Тұрғындар спорттың 51 түрімен, оның ішінде 16 олимпиадалық және 12 олимпиадалық емес, 9 ұлттық және 14 мүгедектерге арналған спорт түрімен шұғылданады”, – деді құттықтау сөзінде аудан әкімі Берік Әлжанов.

Жасөспірімдердің қысқы уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мұз айдынында жастардың, тіпті ересектердің де қызығушылығы артқан. Қазірде мұз айдыны балалардың игілігі үшін, ендеше осы орайда, барша аудан тұрғындарын балалардың уақытын қызықты өткізуіне көңіл бөліп, балаларды мұз айдынына сырғанауға әкелуге шақырамыз. Мұз айдынында балалар тек хоккей ойнап қана қоймай, конькимен де сырғанап алады. Көктемде хоккей корты футбол алаңына айналады. Мұның алдында аудан орталығында дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Ясная Поляна елді мекенінде заманауи хоккей корты тұрғызылған болатын. Келлеровка ауылында да дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынуда. Алдағы уақытта Тайынша ауданында бассейн салу жоспарланған. Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата-бабаларымыз “тәні саудың – жаны сау” – деп бекер айтпаған. Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Спорт қай жағынан болмасын адамды зеректікке немесе шалшандыққа үйретеді. Сабақтан тыс уақытын спортқа арнаған баланың сенделіп бос жүрген балаға қарағанда денсаулығы мықты, өмірге деген көзқарасы

да жоғары болады. Бірінші байлық – денсаулық деген, ал сол денсаулықтың кепілі – спорт. Спорт сөзінің мағынасы кең. Дене тәрбиесі соның құрамдас бөлігі, дәлірек айтқанда бастапқы баспалдағы. Онымен тұрақты шұғылданған адамның денсаулығы мықты болмақ. Бұл сөз кезегінде жақсы оқуға жемісті еңбек етуге деген ынта – жігерді арттырады. Жастар – болашағымыздың алтын тірегі. Сондықтан спортты өмірімізге тірек етсек және де барлық адамдарды салауатты өмір салтына шақырсақ біздің қоғамымыз бақытты өмір сүре алады. Қарапайым мысал ретінде қоғамымыздағы мүгедек адамдарды алуға болады, олар 12 мүшесі бірдей сау болмаса да спортты жандарына серік етіп әртүрлі жарыстарға қатысып жүлдегер атанып жатыр. Сонда барлық мүшесі сау біздер ол адамдарға қарап үлгі алуымыз керек. Спорт жасқа қарамайды. Кім өзінің болашағын жарқын көргісі келсе сол адам спортпен шұғылданады. Қоғамдағы не бір жұмысты да сол денсаулық иесі ғана атқара алады. Адам бұл өмірде мәңгілік емес. Сол берілген аз ғұмырды дұрыс пайдалана білмесең, ғұмырың текке өтті дей бер. «Денсаулық – зор байлық» деп атамыз қазақ бекер айтпаған болар. Әр адамның өмірінде денсаулықтың орны бөлек. Сондықтан денсаулығымызға көңіл бөліп, дұрыс сақтанғанымыз жөн. Деніміз сау болмаса, ауру меңдеп, қалжыратса, шалқыған байлықтан не пайда?! Осыдан біз ненің бірінші байлық екенін аңғарамыз.

Біздің елімізде спортты дамыту мақсатында әр қалада спорттық кешендер, жаттығу орындары ашылған. Олардың барлығы заманауи жабдықтармен жабдықталған. Солардың қатарында Тайынша ауданы да бар болғаны үлкен қуаныш. Ауданымыз шағын болса да, оқушыларымыздың спорт бойынша жетістіктері ауызға толтырып айтарлықтай. Спорттың әр саласы бойынша аудандық, облыстық, республикалық көлемде көрініп жүр.

Салауатты өмір салтын ұстанған, денсаулығы зор, спорттың барлық түріне қабілетті ақыл-ойы жоғары заман талабына сай жастарымыз көп болғай.

Спорт – денсаулық, қимыл, шыдамдылық, күш, ерік. Адам баласы спортпен денсаулығын жақсарту, өзін-өзі дамыту үшін шұғылданады. Спорт салауатты өмір салтын қалыптастырады!

 Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»



# ҚАЗИЗА КЕҢЕСБАЕВА – СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ

Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында Тайынша ауданының тұрғыны Қазиза Кеңесбаеваға «Солтүстік Қазақстан Облысының Құрметті азаматы» атағы берілді. Бұл - тайыншалықтар үшін зор қуаныш!

Қазиза Қожанқызы Кеңесбаева – бүгінгі таңда Тайынша ауданының тұрғыны. Көп жылдар бойы кезіндегі Теңдік ауылына қарасты аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінде тракторшы болып жұмыс істеді. 1986 жылы ол ауыл шаруашылығы саласындағы мінсіз қызметі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған. Халық қалаулыларының облыстық сессиясында депутаттардың бірауыздан қолдауымен шешім қабылданып, Еңбек ардагеріне «Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атағы берілді. Қазиза Қожанқызының ерен еңбегі біраз наградалармен бағаланған. Олардың арасында Еңбек Қызыл Ту ордені (1973), III дәрежелі Еңбек Даңқы ордені, II дәрежелі Еңбек Даңқы ордені (1981), ҚСРО Мемлекеттік жүлдесі лауреатының Дипломы (1986), Құрмет грамоталары мен алғыс хаттар бар. Бүгін солардың қатары тағы біреуімен толықты. Облыстық мәслихаттың шешімімен Қазиза Кеңесбаева Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы атанды. «Қазиза Қожанқызы саналы ғұмырын ауыл шаруашылығы саласының дамуына арнады. Әжеміздің өңір дамуына қосқан үлесі зор. Сондықтан марапат өз иесін тапты деп ойлаймын», – деді марапатты табыстаған СҚО әкімінің орынбасары Қанат Дүзелбаев. Тайынша ауданының әкімі Б.А.Әлжанов Қазиза Қожанқызына өзінің құттықтау тілегімен қатар, 100 мың теңгенің ақшалай сертификатын табыстады.

Бүгінгі кейіпкеріміздің өткен өмір жолына тоқталсақ, еңбек адамының өмір белестері өз немерелеріне ғана емес, кейінгі жас ұрпаққа үлгі. Еңбектің биік шыңына шыққан қарапайым қазақ қызы - Қазиза Қожанқызы қара жерді трактормен қопарып, жастық жігерін еңбек майданына арнаған жан. Бүгінде Тайынша қаласында біреуден ілгері, біреуден кейін ғұмыр кешіп жатыр. Өмірінің 40 жылы трактор үстінде өтті. Әлі күнге дейін сүйікті кәсібі жайлы әңгімелеп беруден жалықпайды. - Ауылда қарапайым еңбек адамдарының еңбегін және ол еңбектің шынымен де бағаланатынын көріп, оларды үлгі тұтып өстік. Осылайша таңның атысы, күннің батысы демей, ерлермен жарысып, «Еңбек, еңбек - бәрін де жеңбек», деген ұранмен, атойлап, жер жыртық, егін ордық, – дейді Қазиза апай. Бұзылып, жүрмей қалса, техниканың тілін жақсы білген ол, өзі-ақ майлап-сылап, жөндеп, тек ауыр дөңгелектерін ауыстыратын кезде ғана көрші ер адамдарды көмекке шақырғанын ерекше толғаныспен айтады. Механизатор – ауылдық жерде таптырмайтын мамандық. Апайдың жұмысы таңғы 6-да басталып, кешкі 8-9-ға дейін жалғасады. Асыл әже, әрине, қайта оралмас қызық пен қуанышқа толы, жалынды жастық шағын сағынып, еске алады. Отбасындағы екі ағасы мен үш әпкесі әкеден ерте көз жазып қалды. Небары 37 жасында әкесі Қожан дүниеден озды. Үйдегі қария әже мен балаларына анасы ғана қамқор болып, күндер, отбасындағы өмір көңіл көтермейтін жағдайда болды. Бірақ, мал шаруашылығында еңбек еткен анасына, үйдің шаруасына 10 жастағы Қазиза қыз араласып, содан да болар ол еңбекпен ерте есейді. «Ел іші - алтын бесік», - деп тегін айтылмаса керек. Ауылдағы ағайын да қарап қалған жоқ. Ағайындар көмектесіп, күндер жылжып өтіп жатты. 18 жасқа жаңа келген жас қыз ауылда ашылған тракторшылар дайындайтын курсқа оқуға барып, тракторшы кәсіпін алады. 1964 жылы ауылдағы механизатор жерлестерімен қатарласа еңбекке араласады. Алғашында қиындықты молынан көрді, ... «қыздың қолынан не келеді», деген бірқақпай сөзге де ілікті, бірақ өзінің қайсарлығымен темір тұлпардың тетігін тауып, мықтап еңбекке бел буды. Ең бірінші Т-40, Т-50, МТЗ-80 деген трактор рөліне отырдым. Кейін қыр-сырын үйреніп, жұмысты



жауапты атқарған соң, басшылар маған «К-700» тракторын сеніп тапсырды. Бүгінгі біздің кейіпкер - қарапайым қазақ әйелі, аяулы ана, өмірден көрген-түйгені мол, жүзінен имандылық төгілген мақтан тұтарлық жан. Ол өз еңбегінің алғашқы жемісі мен жеткен жетістігін 1970 жылдардан көре бастады. Алғаш рет алған «Адал еңбегі үшін» Алғыс хаты ерен еңбектің белгісі болып, мәңгілік есімде қалды дейді... Кейінгі жылдарда алған сол заманның ең жоғары марапаттары «Еңбек Қызыл Ту» ордені мен екінші және үшінші «Еңбек даңқы» ордендері қажырлы еңбектің шынайы белгісі. Ал, мемлекеттік сыйлықтың иегері атану, кез – келгеннің қолынан келмейтін дүние десек, оған да Қазиза Қожанқызы қол жеткізді. Ақшалай тағайындалған сыйлықты қолына алмастан «Балаларға көмек қорына» аударған, сонымен қатар шаруашылықтың жаңадан салып берген жаңа пәтерін де Ұлы Отан соғысының ардагеріне сыйға тартқан да осы біздің кейіпкеріміз – Қазиза Қожанқызы екенін мақтаныспен айтамыз. Өз ойын ортаға салып, кейінгі ұрпаққа да айтары бар апайымыз өзі жайлы тебірене сырларын айтып, бата тілегін жолдайды. – Өз басым ешқашан атақ-даңқ құған емеспін. Егер өзіңнің сүйікті ісіңе, кәсібіңе мықты болып, әрі оны адал атқарсаң, абырой-атақ сені өзі іздеп табады... Лауазымды қызмет атқаратын қаракөз бауырларыма да айтарым, адал еңбек етсең, еңбегің далаға кетпейді. Кезінде депутат, тракторшы болып қайнаған еңбектің ортасында жүрсем де өзімді отбасында қарапайым әйел, келін, анамын деп білдім. Сол себептен де, мен өзіміздің қаракөз қыздарымыз өзінің табиғат талғамына сай қасиеттерді меңгеріп, ұлтымыздың бірлігі мен ынтымағын, салт – дәстүрлеріміздің жаңғыра түсуіне үлес қоса білсе деймін, - дейді аяулы ана, мейірімді әже.

Біздің де айтарымыз: денсаулығыңыз мықты, көңіл-күйіңіз көтеріңкі, өміріңіз қуанышты күндерге толы болсын. Немере- шөберелеріңіз аман болып, олардың ортасында ұзақ өмір сүріңіз! Өмірде кезіккен кедергілер мен қиыншылықтарға төтеп берер қайратыңыз бен жігеріңіз ешқашан мұқалмасын! Ер азаматтардың өзі кейде қиынсынатын, батылдары бармайтын мамандықты игеріп, сонымен ас-суын айырып, кезінде ауылда алаңсыз тірлік кешкен Қазиза апай трактор үстінде өткен өміріне өкінбейді. Осынау еңбекқор, қайсар, ер мінезіне еріксіз сүйсінесің. Жоғары марапатыңыз «Солтүстік Қазақстан Облысының Құрметті азаматы» атағы құтты болсын!



# «ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ»....

Әрбір адамның жүрегіне ең жақын бір адамы мен ыстық бір дүниесі болады. Бұл өзін дүниеге әкелген анасы және кіндік қаны тамған туған жері. Байқадық па, осы жерде әке деген сөз жоқ. Ал, негізінде мына әлемді анамыз көрсетсе, Отанды әкеміз береді. Яғни асқар таудай әкеміз кішкене қазықты қай жерге қағады, сол жер бізге күш беретін туған жеріміз, тербелген бесігіміз болады. Ертеден келе жатқан нақылдардың ішінде «Отан отбасынан басталады» деген сөз бар. Осыны кім қалай түсініп жүр, осыған келейік.

Отан деген не? Мен осы сұрақты көптеген жандарға қойдым. «Отан - менің ата-анам» немесе «Отан - менің бауырларым», «Отан - біздің туған жеріміз», «Отан - ол мемлекетіміз» деген жауаптарды алдым. Алайда, бәрібір көңіліме қонбады, неге? Өйткені, Отанның негізін құраушы адам өзін айтпай тұр. Егер де осы сұрақты маған қояр болса, «Отан деген – мен және менің отбасым!» дер едім. «Әлемді өзгертіңіз келсе, өзіңнен баста» демейді ме? Сол сияқты, Отан адамның өзінен басталады яғни жоғарыда айтқанымдай, әкенің қаққан қазығына айналған адамның өзі Отан, оның әкесі мен анасы, бауырларын, жары мен бала-шағасын қосқанда үлкен Отанның кішкене бір бөлшегін құрайды. Сондықтан, Отан өзімізден, өз отбасымыздан, өз үйімізден, өз ауылымыздан, өз қаламыздан, өз өңірімізден, өз аймағымыздан басталады.

Отансыз адам болады ма? Немесе дінсіз адам болады ма? Дінсіз адам болады дейміз-ау, бірақ Отансыз адам болмайды дейміз, дегіміз келеді де. Өкінішке орай, фактінің аты факті, өзімізден дәлелдер келтірер болсам, мысалы, өзін, өзінің өмірін, Құдай қосқан жарын, туған бала-шағасын құмар ойынға тігіп жіберген, әке-шешесін қарттар үйіне сүйреп апарып тастаған, Отанына опасыздық жасаған, елін тонап қашқан, өзге елде отырып, өз еліне сайраған, дінді жамылған экстремист пен террористі, тіпті «Елімізде әділдік жоқ, жұмыс жоқ, коррупциядан шаршадым» деген сылтаумен өзге елді пана тұтатын адамдарды Отанын немесе дінін сүйеді деп айту қиындау. Себебі, «Отан сүю – иманнан» деген асыл сөз бар. Мен неге Отан мен дінді қатар айтып отырмын. Өйткені, Отансыз дінді, дінсіз Отанды көру түгілі, елестету мүмкін емес. Күні бүгінге дейін «Адамды сүй, Алланың хикметін сез» деген Абай атамыздан асып түскен адам жоқ. Сол сияқты, Отанды сүю адамның иманда. Мынаны жақсылап ұғынып алайық. Егер адамда иман болмаса, Отанда дін болмайды. «Отансыз адам - ормансыз бұлбұл» сияқты болса, «Дінсіз ел - дінгеігі бос ағаш» болмақ. Қатты бір жел тұрса, орнынан ұшып кете беретін болады. Сондықтан, Отан адамға қаншалықты қажет, дін де соншалықты қажет. Себебі, адамды жаратқан Алла, ал оның діні махаббат. Яғни өзіңді сүю – Отанды сүю. Ал, ол қасиетті тек дін ғана береді. Тағы да қайталап айтсам, қандай аламан апаттардан өтіп жатса да, бірде-бір кемістігіне қарамастан, өз Отанын шексіз сүю – мұсылманның шынайы иманынан. Мысалы, бұған Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың туған жеріне деген сүйіспеншілігі дәлелді факт. Бірде Меккеден Асыл әл-ғұзали деген кісі (с.ғ.с.) пайғамбарға келеді. Сонда одан туған жері Мекке жайлы сұрап бастайды. Асыл жайлап айта бастаған кезеңде, Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Асыл, тоқтай тұршы! Жүрегім біраз тынышталсын» - дейді. Яғни туған жеріне деген сағынышы кеудесіне толғанынан жүрегі қатты-қатты соғып кеткен екен. Пайғамбардың (с.ғ.с.) Мекке жайлы: «Сен қандай әдемісің! Мен сені бәрінен де ерекше жақсы көремін. Егер халқым мені елімнен құмағанда, туған жерімнен ешқашан кетпес едім», - деп айтқаны бар. Дәл осы жерде назар аударатынымыз, Пайғамбар (с.ғ.с.) туған жері Меккеден қуылса да, туған жерімен қоса, қуған елін де ешқашан жек көрмеді. Бізге жеткен тағы бір хадисте: «Өмірдің өткен кезеңіне өкіну, Отанға деген сүйіспеншілікпен байлану және ескі достарға қамқорлықпен қарым-қатынас жасау – тектіліктің көрінісі» делінген. Ал, кешегі еліміз бен жерімізді қорғаған бабаларымыз бен қазақ зиялылары ше, өмірлерін босқа құрбан етті ме? Бір Міржақыптың өзін алсақ, «Оян қазағымен» өз дәуірінде барша халықтың махаббатын елге, жерге, дінге, білімге, ғылымға оятқан.

Алла жалғыз болса, адам да, Отан да, ислам да жалғыз. Тек Отанның қадірін шетте жүргендер ғана біледі. Өмірін шетелдер де өткізіп жатқан кез келген адамнан Отаны жайлы сұраңыздар, жүрегінің түбі сыздап қоя береді, бірден көздеріне жас алады. Қалай десек те, Отан жүрегітегі иманмен қатар жанып тұратын от. Сондықтан, Отанымызды қалай қадірлесек, дінімізді де солай құрметтей білейік ағайын. Отан мен дінді не үшін жақсы көруіміз керек?

Біріншіден, Алла Тағала дәл осы ұлан-асыр жерді біздің, ата-анамыздың, бабаларымыздың туған жері етіп тағдырымызда белгілегені үшін. Біз тұмай тұрып, бұлардың бірін де таңдамадық. Құдай тағдырға жазды, өмірге келдік, көзді аштық, көргеніміз осы жер, осы ел, осы ата-ана. Ал, мұны қабылдамаймын десек те, барар жері мен сүйген жарын, бала-шаға тапқанымен, бауырына басып, қазағым дейтін басқа бір Қазақстан табылмайды, іздесе де таппайды. Сондықтан, бұл Раббымыздың қалауы;

Екіншіден, осы Отанымызды қорғауда Алла деп жауға шапқан небір-небір батырларымыз, бөлшектенген елімізді бір жерге жиған небір-небір хандарымыз, әрқайсымыздың ата-бабаларымыз, әже-аналарымыз, бауырларымыз, бір сөзбен айтқанда, тарихымыз осы жерге жерленгендіктен. Тіпті, Алаш зиялыларынан бергі жерімізді жаудан қорғаған кейінгі Ұлы Отан соғысында елді сақтау үшін жанын қиған аталарымыз жерленген жер. Солардың арқасында сіз бен біз бүгінде шырты түкіріп, шалқып өмір сүріп жатырмыз.

## Отбасы - отанымыздың ошағы

Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам. Отбасы – өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ.



Біліңіздер, Отан қорғауды, жердің мызғымастығын сақтауды дініміз жоғары бағалайтыны сонша, туған жерді қорғау міндетіне немқұрайлы қараған адамға Алланың өшпенділігі туралы үзілді-кесілді ескерту жасалады. Сондықтан, Отанымызда Құдайдың рақымы бар, дініміздің мейірімі бар. Біз осыны жоғалтып алмайық, ең болмағанда ұрпағымыз біліп жүруі үшін, құлақтарына қағыс қылайық ағайын;

Үшіншіден, елімізде бір бақытсыздық немесе әйтеуір бір жамандық болған жағдайда, халқымыздың пейілі сол, қолындағысын ала жүгіреді яғни қиындықта біргеміз. Аллаға шүкір, көк байрағымыз көгімізде, діліміз бен тіліміз өркендеуде, дініміз бен дәстүріміз сүюді үйренейік. Өзімізді көршілес немесе озық елдермен салыстырмайық. Себебі, біздің ешқандай жеріміз олардан кем емес. Кем тұстар бізде ғана ма, барлық жерлерде, тіпті дамыған супер елдерде де бар. Одан да өз елімізді сүюді үйренейік. Өзге елдің қаңсығынан, өз елімізге таңсық болайық. Жаратушы бізді, біздің жерімізді жақсы көреді. Ендеше, Оны және Оның дінін біз де жақсы көрейік, ағайын!;

Төртіншіден, Қазақстан жапырақ жайған жеріміз, осы елде туылып, осы жұртта өсіп, осы жерде өніп жатырмыз. Яғни біздің бала-шағамыз, отбасымыз, бауырларымыз, жақындарымыз, туғандарымыз, құдаларымыз, жекжаттарымыз, достарымыз, жарандарымыз, Алла разылығы үшін жақсы көретін туыстарымыз осы жерде өскені үшін. Ұлы Жаратушының жазуымен біз осында болуымыз керек, біз Отанға керекпіз, Отан бізге керек. Сол сияқты, дін де Отандай қажет. Отанды Отан қылатын, діні мен дәстүрін жалғайтын, тілі мен ділін дамытатын, мәдениеті мен тарихын қалыптастыратын біз. Мынаны түсінейік, Отан дегенде жүрегіміздің оттай жаныуы да өзімізде. Отанға махаббат, дінге құрмет те өзімізде. Сондықтан, Отан мен дін жайлы тарихи оқиғалар мен ұлы өсиеттер ұрпағымызға әр кештерде айтылатын әңгіме болсын. Отаным маған не берді дегенше, Отан мен дінге не бердім дегенді ойлайық. Отанымыздың бар болғаны үшін, оны жақсы көру, дініміздің бар болғаны үшін, Алланы сүю адамгершілігімізден табылмаса, бұл ата-баба жолынан жырағы қалғанымыз. Сонымен, Отан мен дін үшін не істей аламыз, қандай қызметтерді атқара аламыз?

Біріншіден, Отан үшін әрдайым дұғада болу. Біліңіздер, бұл сүннет амал. Отанымыз болса, біз бармыз, дініміз бар, Отанымыз болмаса, біз де болмаймыз, дініміз де болмайды. Сондықтан, «Маған ғана бола берсін, маған ғана бере бер» дей бермей, басымызға бақ болған Отанымыз бен дініміздің бүтіндігіне дұға аямаңыздар, аянбаңыздар. «Көп түкірсе, көл болады» демекші, бұл дұғалар Алламен тілдесу, исламның есігін ашу;

Екіншіден, Отан мен дін үшін бірге қадам басу яғни Алла Тағала біздерді бірлікке шақырса, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, Отанымыз үшін әрдайым бірге болу, бір істе болу. Қоғамға іріткі салмай, арандатуға ермей, ақылды шешім, саналы қамқорлық, сапалы істе болуымыз керек. «Бүлік шығару адам өлтіруден де бетер» деген Құран Кәрімнің аятына тоқтауымыз қажет;

Үшіншіден, Отанға опасыздық, дінге қиянат, елге

обалдық жасамау. Тіпті қандай да бір қауіп төнсе де, Отанды тастап қашпау, қандай да бір шикілік туындаса, діннен безбеу. Әйтсе адамзат бәрінен ажырайды;

Төртіншіден, еліміздегі ұятсыздықтар мен арсыздықтарға жол бермеу. Түсіндіріп тоқтат, қолмен тоқтат, барып тоқтат, ренжіп тоқтат, әйтеуір қандай да бір күнәнің түрін жасаушыға дұрыс жолды көрсетуде ат салысу. Жалпы, әркім күнәдан өзін қорғаса, Отанын қорғағаны, дінін сақтағаны. Ал, егер әркім өзін дамытса, Отанын дамытқаны, дінін шарықтатқаны;

Бесіншіден, «Тазалық – иманның жартысы» дегендей, кішкене болса да Отан тазалығына үлес қосу. Бір ұлтжанды ағамыздың «Патриоттық подъездан басталады» немесе «Қасқайып Алматыда тұрсам да, еңкейіп елімде подъезд жұдым» деген бір апаиымыздың сөзі бар. Бұл дегеніміз, өзімізден бастап, өз үйімізге, өз подъезімізге, өз ауламызға, өз көшемізге бел бұғу, сыпыру, тазалау деген сөз. Тіпті, жолдағы жатқан тасты алып тастаудың өзі дінімізде сауап, Отанымызға үлес. Сондықтан, әрқайсымыз айналамызды таза ұстасақ, жүрегіміз де, Отанымыз да, дінімізде таза болады;

Алтыншыдан, өзіміздің мұсылман және қазақ екенімізді ұмытпау яғни дін мен дәстүрге берік болу. Ата дініміздің шаңырағын тік ұстап құлатпау, әжелеріміздің дәстүрін керегедей керу. Қазақ болып көк байрағымызды желбіретсек, мұсылман болып дінімізді көтере білейік. Өйткені бұл екеуі бабаларымыздың сұр жолы. Осы күнге дейін еліктегеніміз, желпілдегеніміз, адасқанымыз жететін шығар. Отанның ғана емес, ата дініміздің де патриоты болайық. Біліңіздер, дініне берік адам, Отанына да берік бола алады. Сондықтан, дініміз бен дәстүрімізді, тіліміз бен ділімізді, мәдениетіміз бен идеологиямызды дамытайық. Дегенмен, Отанымызға ең бастысы не қажет, дінімізге ең маңыздысы не, осыны білеміз бе? Тәуелсіздік, тыныштық, тұрақтылық, осы үштіктің қайсысы бірінші тұруы керек? Кезінде имам Разидан:

- Дүниеде тыныштық қымбат па, тоқшылық қымбат па?» деп сұрайды.

- Тыныштық маңызды - деп жауап береді.

- Оны қалай дәлелдейсіз? - дегенде,

- Ауру қойдың алдына жем қойылса, жемін асықпай жей береді. Ал, енді сау қойдың алдына жем беріп, бірақ қарсысына қасқырды қойсаң, қанша аш болса да, алдындағы жемін жей алмайды. Неге? Өйткені, жүрегіңде қорқыныш бар – деген екен.

Сол сияқты, осы үштіктің біреуі, мысалы тәуелсіз еліміз, бірақ тыныш болмаса, елде тұрақтылық орнайды ма? Немесе тыныш жатқан еліміз, бірақ тәуелсіз болмасақ, жүректе тұрақтылық болады ма? Біліңіздер, тұрақтылық тәуелсіздік пен тыныштықта ғана орнайды. Мен айтқан болар едім, тәуелсіздік бағымыз, тыныштығымыз жанымыз, тұрақтылық тағымыз. Ендеше, жанымыз барда, бағымыздан да, тағымыздан да айрылмайық ағайын!

Нұрлан Байжігітұлы Асанов, дінтанушы

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 12. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.